

№4 (60) Желтоқсан 2024



Қазақстан балалары



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР - АТА-АНАЛАР, ҰСТАЗДАР ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ ҮМІТІ - БАЛАЛАР!

Міне, 2024 жыл да, соңына еріп келеді. Журналымыздың биылғы соңғы нөмірі шығып, Сіздермен келесі жылға дейін қоштасудың сәті келіп тұр. Журналымыздың жаңа санында жазылған дүниелер барынша сіздерге пайдасын әкелсе дейміз.

Біз балаларымыздың құқықтарын білуі және оларды қорғау тек заң жүзінде емес, сонымен қатар олардың күнделікті өмірінде жүзеге асуы өте маңызды деп санаймыз. Осыған орай, біз бұл шығарылымда балалардың құқықтарын насихаттау мен олардың дамуына ықпал ететін маңызды тақырыптарды қамтыдық. Журналымызда инклюзивті білім беру, балалардың қызығушылықтары мен хоббиін табуға көмектесу, цифрлық сауаттылық және интернет қауіпсіздігі, сондай-ақ 21-ші ғасырдың қажетті мамандықтары туралы қызықты мақалалар бар.

Сонымен қатар, балалардың достық пен ынтымақтастық құндылықтарын түсінуі, критикалық ойлау дағдыларын дамыту, және ойындар арқылы білім беру әдістері де назардан тыс қалмайды. Бұл шығарылымда ата-аналар мен мұғалімдерге балалардың болашағына жол ашуға көмектесетін пайдалы кеңестер мен материалдар табасыздар.

Ардақты ата-аналар, ұстаздар және оқушылар!

Сөзімді қорытындылай келе, Жаңа жылда сідерге - денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Біздің мақсатымыз – әрбір баланың қауіпсіз, бақытты және құқықтары толық қорғалған қоғамда өсуіне себепші болу. Осы санды оқи отырып, сіздер балаларыңыздың болашағына жарқын жол ашуға көмектесетін ақпараттарды табасыздар деп сенеміз. Келесі жылда жүз дескенше!

*Ізгі ниетпен,
Насымжан Жамбекқызы Оспанова
ҚР ОМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы.*




ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛАЛАРЫ

- БҮГІНГІНІҢ
БАТЫРЛАРЫ
КІМ?





Бұл күн бүкіл әлемдегі балаларды қорғау мен әл-ауқатының маңыздылығын, қоғамдағы рөлін еске салады. Балалар – біздің болашағымыз және оларды қауіпсіз, қолдау көрсететін ортада өсіруіміз қажет. Бұл күннің басты мақсаттарының бірі – әр елде балаларда кездесетін мәселелерге қоғамның назарын аударту. Бұған балаларды зорлық-зомбылықпен, буллингпен, білім мен денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділіктің жоқтығымен күресу кіреді. Халықаралық балаларды қорғау күні баршамызға қоғамның ең осал топ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттілігін еске салады. Бұл күні балаларға қуаныш пен мерекелік атмосфераны қалыптастыру үшін түрлі іс-шаралар мен мерекелік кештер өткізіледі. Балаларды қорғау күніне орай, еліміздің барлық қалаларында концерттер, фестивальдар байқаулар мен басқа да ойын-сауық шаралары ұйымдастырылады. Балалар сыйлықтар алып, уақыттарын барынша қызықты өткізеді. Бұл күні сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігі, күтімі мен әл-ауқатының маңыздылығына баса назар аударылады. Іс-шаралар тек ойын-сауық мақсатында ғана емес, сонымен қатар қоғамда балаларды зорлық-зомбылықтан, әлімжеттік пен кемсітушіліктен қорғаудың маңыздылығы туралы түсіндіру мақсатында өткізіледі. Балаларды қорғаудың негізгі принциптеріне – өмір сүру, қорғау, даму жатады. Халықаралық балаларды қорғау күні әрбір бала сүйіспеншілікке, қамқорлық пен құрметке лайық екенін сезінеді. Ересектер балалардың өсіп-өркендеуі үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етуге міндетті. Баланы қорғау міндеттері туралы білім беру, отбасына қолдау көрсету, балалардың әл-ауқатына жағдай жасау – әрбір баланың бақытты және салауатты болашағын қамтамасыз етудің негізгі қадамдары болып табылады. Дәл қазіргі көрсеткіш бойынша Қазақстандағы бала саны 6,8 млн құраса, оның жартысынан көбі мектеп жасындағы оқушылар болып отыр.



Елімізде қазақ балаларын әр саладан дамытуға көңіл бөлінеді. Оның ішінде басқа елден ерекшелендіріп тұратын дүниелерде бар:

1. Қазақстандық балалардың бір ерекшелігі - көптілділік.

Қазақстан - көпұлтты мемлекет, оның ресми тілдері қазақ және орыс тілдері. Балалар ерте жастан екі тілде сөйлеуді үйренеді, бұл олардың танымдық қабілеттерін дамытады және әртүрлі мәдениеттерді жақсы түсінуге ықпал етеді. Қазіргі таңда елімізде ағылшын тілінде мектептер де бар. Бұл тұрғыда балалар жаһандық әлемде бәсекеге қабілетті өсуде.


2. Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

Қазақ балалары өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойына сіңіріп өседі. Тәрбиеде үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, қонақжайлылық маңызды орын алады. Дәстүрлі мерекелердің бірі - табиғаттың көктемгі жаңаруын тойлайтын Наурыз мейрамы. Бұл күні балалар мәдени мұра жолымен Наурыз мейрамын тойлайды. Асыға күткен күнді, олар ән мен биге, ұлттық ойындарға арнайды. Қазақтың барлық ұлттық құндылықтарын насихаттап, бойына сіңіріп өседі.



3. Білім

Қазақстандағы білім беру - балалардың өмірінде шешуші рөл атқарады. Мемлекет білім беру жүйесін дамытуға, оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін енгізуге үлкен көңіл бөлуде. Мектептерде интерактивті тақталар мен басқа да заманауи оқу құралдары белсенді түрде қолданылуда. Заман талабына сай бірнеше қалаларда робототехника, жасанды интеллект бойынша курстар бар.




4. Спорт және салауатты өмір салты

Қазақстандық балалар спорт түрлерімен де белсенді айналысады. Елімізде футбол, хоккей, күрес, гимнастика сияқты спорт түрлері кеңінен таралған. Спорттық клубтар дене шынықтыру дағдыларын дамытуға және денсаулықты жақсартуға көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Тәртіппен салауатты өмір салтын дағдыға айналдыру арқылы, жеңіске дайындалып, ұлттық намыс пен жігерлі азамат болып өседі.

5. Табиғатқа бейім


Қазақстан – даладан тау жоталарына дейінгі табиғаты алуан түрлі ел. Бала-

лар ерте жастан қоршаған ортаны бағалауды және оны қорғауды үйренеді. Мектептерде табиғатты сақтауға бағытталған экологиялық сабақтар мен іс-шаралар өткізіледі. Экологиялық білім беру балаларға табиғатты аялаудың маңыздылығын және оларда планетаның болашағы үшін жауапкершілік сезімін дамытады.



ШЫНАЙЫ ЭМОЦИЯНЫҢ, КІРШІКСІЗ КӨҢІЛ МЕН ТӘТТІ КҮЛКІНІҢ ИЕЛЕРІН ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚОРҒАП ЖҮРМІЗ? ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ БАТЫРЛАРЫ КІМДЕР?

2024 жылда өз ерлігімен көзге түсіп, талай рет желі жұлдызына айналған жасөспірімдер аз емес. Бірі - ұлттық құндылықпен көзге түсіп, мектеп жарыстарында оза шапқанымен мақтан тұтса, енді бірі көшеде кездейсоқ көмек қолын созып, бүкіл елді тәнті етті. Ендеше, елімізде өз ісімен көзге түскен, бүгінгі күннің бала батырларымен таныс болыңыздар.






1. Астаналық Ақан Әкімжановты бүгінде ел батыр бала дейді. Мамыр айында жоғарғы қабаттан құлап кете жаздаған төрт жасар баланы, жетінші сынып оқушысы еш мүдірместен құтқарып қалған. Балақайдың өмірін сақтап қалғаны үшін еліміздің Төтенше жаңдай министрлігі марапаттаған. Ақанға алғыс хат пен бағалы сыйлық табыс етіліп, ата-анасына ержүрек ұл тәрбиелегені үшін құрмет көрсетілді.


2. Қыстың ақпан айында да Екібастұз қаласында үш батыр балалардың есімі аталды. Олар - Омар Сағындық, Нұрасыл Жаңажыл, Мансұр Ердаукеұлы. Үш жеткіншек кәріз құдығына құлап кеткен екінші сынып оқушысын құтқарып, баланы аман алып қалған. Бозбалалардың еңбегі еленіп, қала әкімі келіп, марапат көрсетті. Өзгеге

көмек көрсетуді адамдық парыз деп білген оқушыларды бүкіл ел - бүгінгі күннің батыр ұлдары деп атады.



3. Екінші шілде күні Көкшетау қаласынан болашақ құтқарушы қызметкері шықты. Нақтырақ айтсақ, 10 жастағы Артур Гаитовтың екінші шілде күні үйі өртеніп, оқыс жағдайға тап болған. Алайда, бала еш саспай үйіндегі электр қуаттарын бір-ден өшіріп, бір жаста-


ғы інісін далаға алып шығады. Қауіп-сіз жерге шыққан соң, өрт сөндіру қызметкерлерін шақырып, оқиғаны баяндап берген. Жас батырға бүгінде Төтенше жағдай министрілігінің атынан "Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін" медалі табысталды.



4. XXI ғасыр жаһандану дәуірінде, рухани жаңғыру мен бәсекеге қабілеттілікті қоса алып жүруіміз қажет. Дәл осы ұстанымды бек ұстанған балалар да бар. Жақында Хьюстанда өткен робототехника бойынша жарыста Қазақстандық балалар құрамасы жеңіспен оралды. Әлемдік 55 елден елу мыңға жуық оқушы қатысқан жарыста

балақайлар алғашқы үш күнде де көшбасшылар қатарынан көрінген. Чемпионатта жеңімпаз атанған командадағы оқушыларға шет елдік жоғары оқу орындарынан шәкіртақылар мен гранттарға мүмкіндік иеленеді. Аталған жарыста Қазақстан құрамасы бірнеше мектеп оқушыларынан біріккен. Олар - Астана қаласындағы Quantum STEM School мектебінен IQ Robots командасы, Шымкент қаласы Robopark мектебінен Shymside командасы және Алматы қаласындағы ФМБ НЗМ-нен Yaku командасы мен Алматы қалалық РФММ-нен Volt.M3 командасы болды. Еліміздің туын көкке көтеріп, биіктен көрінуіне өз үлесін білім жолынан табылған балалар, бүгінгінің білікті батырлары!

5. Барлық бала 11 жыл мектеп табалдырығында білім алып, келесі кезең Ұлттық Бірыңғай Тестілеу тапсырады. Жыл бойы дайындық жүргізіп, көрсеткен нәтижесі арқылы ЖОО-на түседі. Биылғы жылы тапсырған түлектердің арасында топ жарған түлек – Еңсебек Жаннұр. Тестілеудегі бүкіл сұраққа толық жауап берген оқушыны бүкіл ел "ақылды батыр" деп атауда. Жаннұр Алматы облысы Талғар ауданы Қарабұлақ ауылының №22 жалпы орта мектебінде оқыған. Кішкентайынан зерек болып өскен баладан ата-анасы үлкен үміт күткен көрінеді. Үмітін ақтаған балаға бүгінде барша қазақ елі құрмет көрсетіп, қызығушылық танытып отыр.



Жинаған балдары/Набранные баллы

140

Екі жыл бойы тыңғылықты дайындықтың арқасында еліміздегі рекордты жаңартқан талапкерді дайындаған «JUZ40» ҰБТ-ға дайындық орталығы су жаңа көлік сыйлады. Үміті ақталған талапкер келесі жылдың барша түлектеріне сәттілік тілейді!

Адам баласының ең шынайы, көңілді сәттерінің көпшілігі – балалық шағында өткен. Сол кезеңді көп балалар дәл осындай білімге, біліктілікке, батыр істерге арнаса, еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болмақ! Мағжан сенген жастарға, бүгінде бүкіл ел сенеді. Еліміздің ертеңі, болашақтың жарқын кескіні ретінде көріп қана қоймай, іс жүзінде көрсете білу – бір ғанибет. Мемлекетіміздің тұғыры биік болуы үшін, барша жас балалық шағын әдемі сүруі қажет. Ал, үлкендер сол жолға жауапты һәм мұрындық болуы керек деп білемін!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚАҒАЗАТЫ

ҰЛЫ ДАЛА ЕРТЕГІЛЕРІ





Ертеден қазақ баласының бойына тәрбие мен тәлімді қоса беріп, оқу сызу болмаған шақта ауызекі мәтіндер мен жыр-қиссаларды бойына дарытқан. Қазақта "баяғы бір заманда, ерте-ерте ертеде, бұрынғы өткен дәуірде" деп басталатын түрлі шығармалар әлі күнге дейін айтылып келеді. Алғаш қазақ әдебиетіне балаларға арналған шығармаларды Ыбырай Алтынсарин 19 ғасырда алып келді. Қазақ фольклорына балалардың тілінде жеңіл әрі қабылдауға түсінікті етіп, шағын әңгімелер жазды. Орыс әдебиетінен балаларды ғылым – білімге, өнерге баулитын әңгімелерді іріктеп, аудару арқылы ең алғаш "Киргизская хрестоматия" оқулығын 1879 жылы басып шығарды. Сөйтіп, педагог-жазушы балаларға арналған түрлі тақырыптың басын құрап, олардың тіліне лайықты, ойға қонымды шығармаларды құрау арқылы қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Ал, ХХ ғасырдың басы нағыз балаларға арналған шығармалардың кең тараған кезі. Балалар әдебиетін әдетте біз түрлі көзқараста қарастырамыз. Бірі – ойын-сауыққа арналған шумақтар, жаңылтпаштар болса, бірі тұрмыстық салтта қажетті аңыз-әңгімелер, ырым тыйымдар. Баба тарихын біліп өссін деген ниетте батырлар жыры мен қисса, жыр-дастандарды қоса жаттатқызатынымыз тағы бар. Елдің тарихын білуі үшін тарихи әңгімелер жиынтығы мен ертегілерді де бойына сіңіреді.



Соның алғашқысы – ертегілер. Бала бесікте жатқанда алғаш бесік жырын, бертін келе ертегі есітіп өседі. Ертегілер бала көңілін көтеріп қана қоймай, өмірлік құндылықтарды жеткізіп, халықтың мәдени мұрасын қалыптастыруға көмектеседі. Қазақ ертегілерінде балаларға жақсылық пен жамандықтың, әділдік пен әділетсіздіктің, адалдық пен арамдықтың не екенін түсінуге көмектесетін мысал оқиғалар жиі кездеседі. Мысалы, айлакер Алдар-Көсе туралы ертегі балаларды ақылды және тапқыр болуға, үйретеді. Кейіпкерлері жиі қиындықтар мен кедергілерге тап болуының да себебі – осы. Әңгіме соңында бойындағы даналығы, батылдығы мен мейірімділігінің арқасында барлық кедергілерді еңсеріп, әдемі түйіндейді. Мұндай әңгімелер балаларда

дұрыс өмірлік құндылықтарды қалыптастыруда және олардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Қазақ ертегілері Қазақстанның мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады. Олар қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, нанымдары мен өмір салты туралы білімдерін жеткізеді. Ертегілер көшпенділер, олардың өмірі, дәстүрлері мен қарым-қатынастары туралы баяндайды. Ертегі арқылы балалар өз халқының өткені, тарихы мен мәдени құндылықтары туралы біледі. Бұл ұлттық сана мен өз мәдениеті үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Балаларды сиқыр әлеміне жол аштырып, жануарлар мен ормандағы түрлі хайуанаттармен қоса қызықты кейіпкерлерді ойлап тапқан ғажайы әлеміде - ертегі. Ондағы басты түйін – балаға берілетін тәлім. Бала бойына дарытуда не нәрсенің жақсы, ненің жаман екенін ажыратуда үлкен әрекет. Кішкентай кезінен оқиганы тыңдау арқылы, сыни ойлап, шешім шығару баланың логикалық тұрғыда ойлап, белгілі бір іс-әрекетке зейін қоюына алып келеді. Сонымен қатар, ертегі әр балаға әртүрлі әсерін беріп қана қоймай, іштегі эмоцияларын сыртқы ортаға шығаруға ат салысады. Қазақ ертегілері ұзақ уақыт бойы ауыздан-ауызға таралып, ауыз әдебиетін сақтауға септігін тигізді. Жазу мәдениеті мен цифрлық технологиялар дамыған жаһандану кезеңінде ауыз әдебиеті шығармаларын сирек кездестіреміз. Алайда ертегілер ата-әжелер, мұғалімдер мен ата-аналардың әңгімелері түрінде өмір сүруді жалғастыруда, бұл ұрпақ байланысы мен қазақ дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары қазақ ертегілері қазіргі заманғы медиада да көрініс тапты. Дәстүрлі ертегілер негізінде мультфильмдер, иллюстрациялық кітаптар, аудиокітаптар мен компьютерлік ойындар жасалуда.

Ендеше, ата-аналарға арнап, арнайы сіздің балаңыз оқуы қажет кітаптармен баспаларды ұсынайын:

Балалардың ес білгелі еститін ертегісінің оларға үлкен пайдасы – ақыл ойы мен қиялын дамытып, мәденет танымын кеңейтіп, оларға жеңіл тілде моральдық құндылықтар мен дәстүрлерді түсінуге көмектеседі. Ұлы дала ертегілері тізіміне ең әуелі қазақтың ауыз әдебиетінде кеңінен айтылған, тарихы бар әңгімелерді жатқызамыз. Тұрмыс-салт ертегілеріне «Бозынген», «Аю, түлкі және қойшы», «Арыстан мен кісі» сияқты шағын, тәрбиелік мәні зор ертегілер жатады. Жан-жануарлар туралы ертегілері барлығымызға жақсы таныс, олардың кейіпкерлері: қу түлкі, қорқақ қоян, озбыр қасқыр. Бұл топқа «Аю, қасқыр, түлкі, бөдене», «Аю, түлкі және арыстан», «Қоянның зары», «Күшік пен мысық» т.б. ертегілер жатады.

Балалар әдебиетінде есімі ойып тұрып орын алатын Сәкен Жүнісов шығармалар қорында да қызықты дүниелер көп. Ол тарапқа жататын әңгімелердің балаларға өте зор пайдасы бар. Адалдықты кішкентайынан айыра білген бала, болашағында жақсы мен жаманның ара-жігін ажыратуда қиындық тудырмайды. Шығармаларына табиғат пен жануарларға деген сүйіспеншілікті қосқан жазушының негізгі мақсаты – бала бойына табиғат пен салауатты өмір салтын насихаттау еді. Өмірлік құндылықтарды қабылдау арқылы, баланы достық пен батылдыққа, жауапкершілікке үйретеді. Осы жолда Сәкен Жүнісов "Кімнің мекені жақсы?", "Сақау бәтеңке", "Адалдық сағаты" атты шығармаларын қалдырған.



Сәкен Жүнісов






Белгілі қазақ жазушысы және қоғам қайраткері Зейнеп Ахметова кітаптың бала тәрбиесіндегі маңыздылығын үнемі айтуда. Оның пайымдауынша, кітаптар жас ұрпақтың дүниетанымын, адамгершілік құндылықтарын және мәдени өзін-өзі тануын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Оқу балаларға өз бетінше ойлауды, саналы шешім қабылдауды үйренуге көмектеседі. Ана тілінде кітап оқу халықтың тарихын толық біліп, балаларға өздерінің мәдени ерекшеліктерін тануға, бағалауға көмектеседі, бұл әсіресе жаһандану жағдайында маңызды. Оқу арқылы бала өз сөздік қорын байытып, грамматикалық және синтаксистік дағдыларды жақсартады, балаларға ана тілін жетік меңгеруінде қызмет етеді.

Дәл осы сарында Зейнеп Ахметова апамыздың жазып қалдырған дәйексөзін қалдырайын: "Баланы қара танып, хат білгеннен бастап, сәлем хат жазуға дағдыландырған жөн. Бірте-бірте ой түйіп, сөз жұптауға үйретіп, қолын үнемі машықтандыра берсе, кейін есейгенде «не жазам, қалай жазам» деп жұтап, тығырыққа тірелмейтін болады. Бұл да тәрбие талғамы."





Осылайша, жазушыларымыз кітаптарда білім мен ақпараттың қайнар көзін ғана емес, балалардың мәдениетті, адамгершілікке төзімді және интеллектуалды дамыған тұлғаға айналуына көмектесетін қуатты тәрбие құралын көреді. Оның көзқарастары балалардың оқуға деген сүйіспеншілігі мен мәдени мұрасын құрметтеуін қалыптастыру процесіне ата-аналар мен қоғамның белсенді қатысуының қажеттілігін айқын айтып өтеді.

Қорытындылай келе балалар ертегілері Қазақстандағы балалар мәдениеті мен тәрбиесінде ерекше орын алатынын аңғардық. Олар мәдени мұраны жеткізіп қана қоймай, өскелең ұрпақтың бойында адамгершілік құндылықтарды, эмоционалды интеллект пен қиялды дамытуда шешуші рөл атқарады. Даналық пен адамгершілік оқталарына толы сиқырлы әңгімелер арқылы балалар жақсылық пен жамандықты ажырата білуге, адалдықтың, батылдық пен достықтың маңыздылығын түсінуге үйренеді. Ертегілер сонымен қатар, отбасылық байланыстарды нығайтуға да ықпал етеді, өйткені баламен бірге кітап оқу - сенім мен жақындық атмосферасын қалыптастырады. Қазақстанда балалар ертегілері ата-аналар мен педагогтарға үйлесімді дамыған және моральдық тұрақты тұлғаларды тәрбиелеуге көмектесетін тәрбиенің маңызды құралы болып қала береді.


Цифрлық әлемнің дамуында балаларымызды робототехника сынды сан курсқа беру әрине дұрыс болар. Бірақ, заман талабымен ілгеріге жылжымыз дегенде, әдеби кітаптарымыз, батырлар жыры жазылған тарихымыз қалып қалмауы қажет. Бір толқында жазылған дүниені жарыққа шығарып, айта да, насихаттай да білуіміз қажет. Және ол жолда еліміздегі барлық ата-аналар қызмет етсе келешегіміз кемел, болашағымыз жарқын бола-рыанық!





ДОС ЖӘНЕ ДОСТЫҚ ҰҒЫМЫ

*"Дос болам десең,
Досыңды сыйла, қымбаттым!
Досыңа сонда,
Досыммен ғана қымбатпын.
Дос болам десең,
Мендегі доспен достасқын,
Сендегі доспен дос болып
сонда тұрмақпын" - деп.*



Мұқағалимен қоса талай ақын жырлаған, талай жазушы әңгімесіне қосқан бұл ұғымның астарында шексіз махаббат пен ашылмаған астыртын ойлар жатыр. Екі түрлі отбасында тәрбие алып, бір-бірімен белгілі ортада табысып, оны әрі қарай дамыту арқылы сақтап қалу кез-келген адамның қолынан келмейтіні анық. Өмірде ешбір адамзат баласы кірбің салмай, ұғымды ашып көрсетуінің де үлкен мәні бар. Бәрі жалған деп айтатын дүниеден бір-бірін тауып, жылдар бойы достықтың куәсі болған, онымен қоса тарихта өздерінің достық оқиғаларымен есте қалғандар қаншама дерсің. Тіпті, оны тарихта ұлы адамдар достастығы деп атайды. Қиын қыстау кезеңде бір-бірінен таса да қалмай, үнемі қолдап, дем беріп жүруінің өзі де жанашырлықтың белгісі болып табылады. Бұл тізімді бізде Керей мен Жәнібек хан бастайды. Қазақ хандығының негізін қалаған ұлы достықты қай тараптан айтсақ та мақтанып айтуға тұрарлық. Ұлы достықтың негізінде батырлар бір-бірін қолдап қана қоймай, хандықтың іргетасын біріккен күйде қалаған. Тіпті, хандықтың туын тіккен кезде де бір-бірімен билік үшін жаға жыртысып, жолын кескен емес. Жәнібек ағалық танытып, Керейге жол беріп, ол бақилық болған соң ғана таққа отырады.




Тағы бір тарихта, одан қалды әдебиетте де достық оқиғалары кеңінен тараған Исатай мен Махамбет бауырмалдығы жайлы айтып кетпесек болмайды. Бірі – елді алға сүйрейтін көшбасшы позициясында көрінсе, бірі – қайсар қолбасшы болған. Екеуінің жаугершілік заманда, ұлт үшін арпалысқан азаттық идеялары елаузында әлі күнге дейін айтылады. Елін аман алып қалу үшін ұйым-дастырылған шайқастың соңы қайғылы жағдаймен аяқталып, Исатай батыр мерт болады. Оның өліміне досы Махамбет іштей құса болып, бар шабытын досының қаһармандығы мен қайсарлығын бейнелеуге арнаған.





Және де әдебиетте есімдері балалар арасында кеңінен танылған "Асан мен Үсен" атты кейіпкерлер бар. Шығарма авторлары ертегінің сюжетін екі тарапта беріп, оқырман балаларды сынайды. Достардың біреуі-бай баласы, бірі - жарлы баласы болады. Алайда, екі достың ортақ әңгімелерін айтып, бірге уақыт өткізуі, бірге ойнауына материалдық жағдай мүлде әсер етпейді. Соңында, шешім шығару кезінде бала санасына үнемі достықтың жеңетінін автор есіне салып отырған.





Достықтың қазақ мәдениетіндегі барлық саласына енген құндылықтары бар. Дәстүрлі қоғамда достық адамдарды байланыстырып қана қоймай, қоғамдық байланыстарды қалыптастыру мен қауымдастықты нығайтуға негіз болады. Қазақтар әрқашан адалдықты, сенімділікті жоғары бағалап, достықты олардың ұлттық болмысының маңызды элементі етіп қарайды. Ежелде достықтың қадірін білдіретін мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мысалы, «Аққуды атпа, досыңды сатпа», "Ағаш тамырымен мықты, адам дос-жарымен мықты", "досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды". Бұл шынайы достықтың қолдау мен қорғауды, жақын адамдарыңыздың мүдделерін күту қажеттілігін білдіреді. Дәстүр бойынша қазақ достығы өзара көмек пен ынтымаққа негізделген. Әскери қақтығыстар немесе табиғи апаттар сияқты қиын кезеңде достар әрқашан бір-біріне көмекке келеді. Бұл тек материалдық қолдауда ғана емес, достар бір-біріне тірек болған кезде эмоционалдық қолдауда да көрінеді. Қазақтың әдет-ғұрыптары да достыққа ерекше мән береді. Мысалы, үйлену тойларында және басқа да мерекелерде достар басты рөл атқарып, қызметте болады. Олар мерекені ұйымдастыруға көмектесіп қана қоймай, достықтың нағыз қызметін ашық көрсетеді. Дегенмен, қазақ мәдениетіндегі достық қиынқыстау кезеңде қолдау көрсету ғана емес. Бұл сонымен бірге ортақ сәт-тердің, мерекелердің

және қарапайым кездесулердің қуанышы. Қазіргі қазақ қоғамында достық маңызды құндылық болып қала береді. Жаһандану мен технологияның ықпалына қарамастан, қазақтар әлі дешынайы қарым-қатынас пен байланыстарды бағалайды. Десе де нағыз достықтың форматы өзгерген емес. Өзінің шынайылығын әлі де жоғалтқан жоқ. Достар қиын жағдайларда бір-бірін қолдап, қиындықтарды бірге еңсеріп, тамақ, баспана сынды материалдық жағдайлармен бөліседі.

Дәл осы ретте алғаш достық ұғымын естіген сәттен білетін бір оқиғаммен бөлісейін. Әжемнің айтуынша, бұл оқиға Сахарадағы Жәнібек пен Азамат есімді достардың арасында болған. Екеуі сапар шегіп жүргенде, Жәнібек Азаматтың кеудесінен қатты итеріп жібереді. Ренжіген күйде Азамат жанына батқан жұдырыққа дес бермей, кетіп бара жатқан жолындағы құмға "Бүгін менің досым кеудемнен итерді" - деп қалдырады. Әрі қарай сапарларын жалғастырып, алдынан үлкен көл шығады. Екеуі де суға түсіп, шомылып жүргенде Азаматтың аяғына балдыр оратылып, тұншыға бастайды. Сол уақытта досы Жәнібек жалмажан көмек көрсетіп, судан аман алып шығады. Бір ажалдан аман қалған Азамат жиектегі тасқа "Бүгін мені досым бір өлімнен құтқарып қалды" - деп қалдырады. Жолдасының ісіне таңданып қараған Жәнібек оның мәнісін сұрайды. Сонда Азамат:

- "Бізге біреу зиян тигізсе, істеген ісін құмға жазуымыз керек. Кешірім суы жеңіл, құмда



өшіп кетуі жеңіл болады. Ал, кімде-кім бізге жақсылық жаса-са, оны тасқа жазғанымыз дұрыс. Қандай дауылдар болса да, ешкім өшіре алмайды” -деп жауап берген екен ақылды бала Азамат!

Бұл оқиғадан біз нағыз достықтың кейіпкерлері мен олардың іс-әрекеттері арқылы достық ұғымының ашылған мәнін көруге болады. “Достық” туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің “Өмірлік данышпандықтың афоризмдері” деген еңбегінде: “Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді. Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның т а б иғ и ө з і м ш і л д і к , өркөкіректік қасиеттерін жояды” деген. Дос-адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Дос адамның айнасы іспеттес. Себебі адам өзі қандай болса дәл сондай өзіне, жанына жақын болатын адамды іздейді. Жалпы өмірде адал дос табу, достық қарым-қатынасты сақтай білу өте маңызды әрі екінің қолынан

келе бермейтін іс. Өйткені біз әрдайым досқа, достыққа мұқтажбыз, әрі ол ешқашан көптік етпейді. Қазақ ақыны, драматург, халық жазушысы Мұхтар Шахановтың:

“Достық деген ізгіліктің алаңы,

Оған куә ғасырлар мен замандар.

Отанында сатып кетеалады Қиын шақта досын сатқан адамдар!” - деген жолдар арқылы достықтың қандай дәрежеде бағаланатынын білуге болады.

Расында, “достық” ұғымының өзі халық арасында да бұл сөз бұрыннан-ақ аса қадірлі құрметке ие сөз. Негізінен , достықтың берік бұзылмас тірегі сенім мен адалдық деп білемін. Өмір болған соң бірде күлеміз , бірде қайғырамыз. Көңілің жабырқағанда, қасыңнан табылатын, барынша көмегін беріп, көңіліңді көтеруге тырысатын асыл адамның бары керемет! Қорыта келе, “Айырылмас досыңа қайырылмас сөз айтпа” дегендей досымызға адал , достығымызға берік болайық. Онсызда жалған өмірде достық ұғымының шынайылығын жоғалтып алмайық!





XXI ҒАСЫР

МАМАНДАРЫ.

**Қазақстан түлектері
қандай мамандық таңдаса
болады?**



"Жолың болсын, жас түлек" - деп бүкіл білім мекемелері биылғы жылды қорытындылап, он бірінші сынып түлектерін шығарып салды. 11 жыл мектеп қабырғасында білім мен тәрбиені бойына дарытып, бар білгенін үлкен емтихан Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде бақтарын сынаған түлектерді жаңа өмір күтіп отыр. Мемлекеттік грантты жеңіп алған соң, келесі әрекет – жақсы мамандық таңдау болып отыр. Ертеден қалған сөз ретінде " адам екі нәрседен қателеспеу керек, оның бірі – мамандық таңдау" деп атап кеткен. Өйткені, болашақ жұмыс орнымызды біз тек – нәпағатабатын қызмет деп емес, өмірлік саған азық болатын, сол жолда аянбай барынды салу қажет. Сондықтан да, мамандық таңдауда бала да, ата-ана да баса назар аудару қажет деп ойлаймын. Бүгінде елімізде 2024 жылы мектеп түлектерінің саны 188 245 адамды құрайды. Берілген өтініштердің саны – 2 рет тапсыру мүмкіндігін ескере отырып, 330 116 адамнан, оның ішінде 293 186-сы – биыл мектеп бітіретін түлектерден, оның 59 799-ы су тасқынынан зардап шеккен бөңір түлектерінен болып отыр. Жалпы, биыл бөлінген гранттар саны 93 мыңды құрайды. Ал, мамандықтар бойынша талапкерлердің грантқа түсі баллдары әр-түрлі. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Гүлзат Көбенова ОКҚ-да өткен брифингте гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына бөлінгенін айтты. Олардың саны 19 344 грант.





Ендеше, әлқиссада грант жайлы кішігірім ақпарат беріп өтілгендей, дәл осы гранттар бөлінген қай мамандық қазіргі таңда елімізде трендте, қай мамандар сұранысқа ие екенін жазып өтейін.

XXI ғасырда Қазақстан және басқа да көптеген елдер сияқты, технологиялық прогресс, жаһандану және экономикадағы өзгерістерден туындаған еңбек нарығының қажеттіліктеріндегі өзгерістерді бастан кешіруде. Елімізде трендке айналып жатқан мамандықтар тізіміне:

1. IT мамандары.

IT саласы мен цифрлық сауаттылықтың шарықтаған шағында бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер сұранысқа ие болып отыр. Цифрландыру және бағдарламалық шешімдерге сұраныстың артуы жағдайында қолданбаларды әзірлеушілерге, веб-әзірлеушілерге және киберқауіпсіздік мамандарына деген қажеттілік артып келеді. Деректерді талдаушылар үлкен көлемдегі деректерді талдауға және олардан пайдалы ақпаратты алуға қабілетті мамандар қоғамға қажет болып отыр.



2. Сандық маркетинг мамандары.

SEO/SMM мамандары: Интернеттегі бизнестің өсуімен іздеу жүйесін оңтайландырудың және маркетингтің маңыздылығы артады. Контент-менеджерлер мен SMM мамандары әлеуметтік желілерде мазмұнды жасау, жылжыту мүмкіндігінде дағдыға айналууда.



3. Инженерлер мен техникалық мамандар.

Автоматтандыру және робототехника инженерлері: Өндіріс технологияларының дамуына байланысты автоматтандырылған жүйелерді жасап, енгізе алатын мамандарға сұраныс артып келеді. Сонымен қатар, заман талабына сай жаңартылатын энергия саласындағы мамандар, экологиялық таза энергия көздеріне көшудің әлемдік тенденцияларын ескере отырып, бұл сала мамандарының өзектілігі арта түсуде.



4. Медицина қызметкерлері.

Цифрлық сауатты, интернет арқылы медициналық қызметтерге қол жетімділіктің артуына байланысты қашықтан кеңес бере алатын дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне сұраныс артып келеді. Медбикелер мен фельдшерлер халық санының өсуіне және медициналық көмекке деген қажеттілікке байланысты ақ халатты қызметкерлерге деген сұраныс артып келеді.



5. Білім беру мамандары.

Онлайн мұғалімдер мен репетиторлар. Яғни, қазір жоғарыда айтылып кеткендей, еңбектеген баладан еңкейген шалға дейін сенсорлық жүйеге үйренген заманда онлайн формат ыңғайлы болып отыр. Қашықтықтан оқытуға онлайн форматта жұмыс істей алатын білікті мұғалімдерге деген қажеттілік артады.



6. Қаржылық талдаушылар мен кеңесшілер.

Инвестициялық және қаржылық жоспарлаушылар: өсіп келе жатқан экономика және дамып келе жатқан қаржылық қызметтер нарығында қаржы мамандарына сұраныс артып келеді.



Жаңа атап өткен трендтегі, дәл қазір елімізде сұранысқа ие мамандықтар екенін білдік, сонымен бірге нағыз IT саласында да көптеген мамандықтар бар, олардың әрқайсысы технологияларды дамытуда, қолдауда және ілгерілетуде маңызды рөл атқарады. 1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу



- **Бағдарлама әзірлеуші:** Әртүрлі бағдарламалау тілдерінде сайттағы жасақтаманы жасау (Мысалы. Java, Python, JavaScript және т.б.).
- **Веб-әзірлеуші:** веб-сайттар мен веб-қосымшаларды жасауға маманданған. Фронт немесе сервер әзірлеушісі болуы мүмкін.
- **Мобильді әзірлеуші:** Мобильді платформаларға арналған қосымшаларды әзірлеу (iOS, Android).
- **Машинаны оқыту маманы:** деректерді талдау және процестерді автоматтандыру үшін алгоритмдер мен модельдерді әзірлеу.
- **Деректер инженері:** үлкен деректерді өңдеуге арналған инфрақұрылымды құру және қолдау.

Жалпы, мамандық таңдау кезеңі әр адамға әртүрлі әсерін береді. Мектепті енді бітіріп шыққан жасөспірімдердің көбі, өз талантына қарай таңдағысы келген мамандықта грант жоқ деп қынжылады. Десе де соған орай, қазір көптеген жеке үйірмелер де маман етіп шығарудың қысқартылған кезеңде курстары бар. Әйтсе де, осы кезеңде ата-ана мен бала нендей нәрседен қате кетпеу керегін профориентолог мамандардың кеңесіне жүгінейік. Олардың айтуынша, дәл қаөір айтылатын қағидалар мамандық таңдау кезінде қалт жіберіп, қателеспеу қа-жет.

- Ең алдымен, мамандықты тек беделге қарап таңдамау қажет.

Мамандықты тек «керемет» немесе жоғары ақы төленетіндіктен таңдауға болмайды. Жұмыс сізге ұнауы және оның сіздің қызығушылықтарыңызға, дағдыларыңызға және бейімділіктеріңізге сәйкес келуі маңызды. Жоғары жалақы жұмыс сізді қанағаттануға кепілдік бермейді.

- Қызығушылықтарыңыз бен бейімділіктеріңізді ескермей, мамандық таңдау:

Сәнді немесе ата-ананың

қалауын құмау керек. Сіз рәхатпен жұмыс істеп, оны дамыту үшін сізге шынымен қызықты мамандықты таңдау маңызды. Егер сіз жасаған жұмысыңыз сізге ұнамаса, ол кәсіпті ары қарай домалата алмауыңыз мүмкін.

- Жеткілікті ақпаратсыз мамандық таңдау:

Мамандықты таңдамас бұрын оның барлық аспектілерін, талаптарын, болашағын, еңбек жағдайларын, табыс деңгейін, даму мүмкіндіктерін зерттеу қажет. Жұмысты нақты түсіну үшін таңдаған салада жұмыс істейтін адамдармен байланыс орнатыңыз. Интернеттегі ақпаратқа ғана сенбеңіз - сенімді дереккөз-дерді іздеуге кеңес береміз!





- **Өзгеріспен сәтсіздіктен қорқу.** Өзіңіздің идеалды мамандықты табу үшін жаңа нәрселерді сынаудан және тәжірибе жасаудан қорықпаңыз. Қателік жасаудан қорықпасаңыз - бұл өз жолыңызды табудың қалыпты процесі. Таңдауыңыз дұрыс емес екенін түсінсеңіз, сіз әрқашан қайта даярлауға немесе әрекетіңіздің бағытын өзгертуге жолашасыз.

- **Өз тәжірибесінен және түйсігінен бас тарту:** Өз сезімдеріңізге сеніңіз - егер сізге белгілі бір кәсіп туралы бірдеңе ұнама-са, бұл сигналды елемеңіз. Сіздің қызығушылықтарыңыз бен дағдыларыңыз - сіздің ең құнды ресурсыңыз болып табылады. Сондықтан оларды назардан тыс қалдырмаңыз.

- **Барлығына ұнауға тырысу:** Ата-анаңның, достарыңның, қоғамыңның көңілінен шығу үшін мамандық таңдаудың қажеті жоқ. Өз мамандығыңызда өзіңізді жайлы және толыққанды сезіну маңызды. Өміріңіз, шешімдеріңіз және армандарыңыз тек сіздікі екенін ұмытпау қажет.

Осы қателіктерден аулақ болып, өз таңдауыңды жаса, жас түлек! Ендеше, жастарымызға ақпарат молырақ беріліп, мамандық таңдауды өз қызығушылығына, қабілет-қарымына, жүрек қалауына қалдырғанымыз орынды. Ертең өз ісінің тәжірибелі, шебер маманы атануына дұрыс таңдалған мамандығы арқылы жетеді. Мамандық таңдау барысында талапкер адаспайтындай қадам жасауы керек.





**ОЙЫН АРҚЫЛЫ
БАЛАНЫ ОҚЫТА
АЛАМЫЗ БА?**








Ойын – адамзаттың балалық шағында қолданып, адаммен өмір бойы бірге жүретін ерекше жағдаят. Әдетте оны мектеп жасына дейінгі балалар жақсы көреді. Өйткені, ойын кезінде баланың сыртқы болмысы, эмоциясы барынша айқын көрінеді.

Ойын – баланың ортақ әрекеттерінің жиынтығы. Сондай-ақ баланың дені сау болып дамуына өз үлесін қосады. Мектепке дейінгі жастағы баланың жеке тұлғасын қалыптастырудың ең жақсы және дәлелденген құралы - баланың өзінің белсенді әрекеті. Ойынның осыған байланысты бірқатар артықшылықтары бар. Бұл балалардың өміріндегі бақылаудың маңызды құралы болып табылады және оның жағымды сезімдері мен

әрекеттерін көрсетуге үлкен мүмкіндік береді. Рөлдік және белгілі бір позициядағы ойындардың табиғаты балаларда мейірімді және саналы қарым-қатынастарды дамытуға ықпал етеді. Өртүрлі ережелерді меңгеру балалардың қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Ойынның тәрбиелік мәні де зор, ол сабақта оқумен және күнделікті өмірді бақылаумен тығыз байланысты. Шығармашылық ойындарда баланың ақыл-ой қабілеттерін, оның қиялын, зейінін, есте сақтау қабілетін жұмылдыратын білімді меңгерудің маңызды және күрделі процесі жүреді.





Қыздар ойыншық асханаларында ойнап, аналарының рөлін сомдау арқылы алғашқы аспаздық дағдыларын меңгереді, ойыншық пышақтарды, кастрюльдерді және т.б. ұстауды үйренеді. Ұлдар электромобильдерге мініп, көлік жүргізуді үйренеді. Қабырғаға сурет салу арқылы балалар өзінің шығармашылық қабілеттерін сезіне алады.

Ойын барысында балалар алған білімдері мен дағдыларын практикада қолдануға үйренеді.

Ережелері бар ойындар білімді жалпылауды және берілген есепті шешуде өз бетінше таңдауды талап етеді. Ал, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойын ойнау болып табылады, оның барысында баланың рухани және физикалық күштері: оның зейіні, естесактауы, қиялы дамиды. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі кезеңге тән әлеуметтік тәжірибені меңгерудің ерекше тәсілі де ойын ойнау. Ойын әрекетінде баланың көптеген жағымды қасиеттері, қызығушылығы мен алдағы оқуға дайындығы, танымдық қабілеттері дамиды.





Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жаңартылды. Сондықтан бүгінде білім министрлігі үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары үшін балалармен жұмыс істеудің басқанысандары мен әдістерін іздеу өзекті болып табылады. Өзгерістің мәні оқу үдерісінің моделіне де қатысты. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту емес, дамыту керек. Олар өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін іс-әрекеттер - ойындар арқылы даму жолында белгілі бір іс-әрекеттерді орындайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті ойын болып табылады. Ойын дұрыс ұйымдастырылған жағдайда баланың физикалық, интеллектуалдық және жеке қасиеттерін дамытуға, оқу іс-әрекетінің алғышарттарын қалыптастыруға және мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік жетістігін қам-



тамасыз етуге жағдай жасайды. Бала дамуының өзара байланысты үш желісі: сезіну, білу, жасау. Дидактикалық ойындар балалардың бірлескен және дербес іс-әрекеттерінде қолданылады. Дидактикалық ойындар оқу құралы ретінде қызмет етеді - балалар заттардың сипаттамаларын игеруді, жіктеуді, жалпылауды және салыстыруды үйренеді. Дидактикалық ойындарды оқыту құралы ретінде пайдалану балалардың оқу әрекетіне қызығушылығын арттырады және бағдарламаны жақсы меңгеруді қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда мен дидактикалық ойындардың әр-түрлі түрлерін қолданған абзал. Бірақ, қазіргі заманда электронды дидактикалық ойындарға көбірек басымдық беріліп отыр. Мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мектепке дейінгі білім берудегі ең жаңа және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Олар әрқашан қажетті психологиялық-педагогикалық ақпаратты алып жүре бермейтін ойындар мен ойыншықтардың әртүрлілігімен бұзылып отыр. Балабақшадағы тәрбие үлгісі, сабақтан бас тартқан балаларды өздері сезбей-ақ оқытуға мүмкіндік беретін балалармен жұмыс істеудің жаңа формаларына көшуге мәжбүр етті. Егер бұрын мұғалімнің негізгі тәрбиелік күш-жігері сабақ өткізуге бағытталған деп есептелсе, қазір тәрбиелік әлеуеті мұғалімдер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінің барлық түрлері үшін танылады.

